





№
2024

Global science and innovation: Central Asia

INTERNATIONAL SCIENTIFIC
AND PRACTICAL JOURNAL

APRIL 15, 2024



ӘОЖ: 82:81-26;

Ә. КЕКІЛБАЕВ «БӘЙГЕТОРЫ» ПОВЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ ПОЭТИКАСЫ

Құдияр Ақерке Шоханқызы

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің II курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., аға оқытушы Е.К.Карбозов
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада Ә. Кекілбайұлының повесіндегі ішкі толғаныстарды, ерекше суреттеулер мен образдылықтың көркем мәтінде көрініс табуын қарастырылды. Кейіпкердің ішкі монологы арқылы оқырманға жеткізе алатын сан қырлы сезімдер, кейіпкер бойындағы сезімдердің өзгерісін ұғындыра алатын ерекшеліктері зерделенді. Кекілбаев шығармалары мінез-құлықтың мәнін ашудың жаңашыл әдістері мен қазақы нақыштарын көркем пайдаланғаны талданды. Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзділігіне тән қандай шешендік иірімдер мен заманға сәйкес шеберлік сипат бар. Бәйгеторы аттың өмірі күреске толы, өзіне тән ойлау ерекшеліктері бар, дәл осы орайда адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен көрсете білген жазушы.

Тірек сөздер: Әбіш Кекілбаев, Бәйгеторы, психологиялық паралель, қоғам, адамгершілік, анималистикалық жанр, аллюзия

Материал мен әдістер

Шығарманың өзіне тән көркемдік стилдері, шығармадағы шынайылық бейнелері салыстыра талданды. Бәйгеторы повесінің поэтикалық ерекшеліктері сараланып, тілдік ерекшеліктері көрсетілді. Шығармадағы көркемдеу тәсілдері мен өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама берілген. Автордың психологиялық паралелизм, психологиялық көңіл күйді нақты мысалдармен дәйектелген. Жұмыста салыстырмалы зерттеу, салыстыру, талдау, сипаттау, қорытындылау әдістері қолданылды. Негізгі зерттеу материалы ретінде Бәйгеторы повесі алынды. Шығарманың оқырманға әсерін талдауда герменевтикалық әдіс арқылы талқылау жасауды маңызы орасан.

Кіріспе

Бәйгеторы аттың дәл осылай, бәйгеге шабатын жылқының адам танымас халінен хабар берген қым-қиғаш уақиғамен бастау алады. Жылқы малының өзінің бұрынғы егесін бірден танығынымен, мүлде адам танымастай болып, сиқы қашқан Бәйгеторыға иесі бұрылып та қарамайды. Құлын кезінде әбден баптаған, өз жемдеген, қамау терін алып, көптеген бәйгелерге қосқан иесінің талай жылдан кейін қайта кездескенде елемей, өз отауына кіріп кетуі Бәйгеторының өксік толы кеудесін қақ айырғандай болады. Шығарманың өн бойы жылқының пайымымен бейнеленген, иіс арқылы сезуі, дәм сезуі, айналасын, табиғатты, тұңғыш дүние есігін ашып шыққан ең қастерлі кезінен бастап бір көзінен айрылған, ешкімге керексіз кәрі, көтерем, шырсыз атқа айналғанға дейінгі бар ғұмыры бедерленген. Оқырман кәрі ғұмыры үзілуге таяған Бәйгеторымен оның жан тебіренер саяхат жасап шығады. Бір көзін ағызған, тағдырының тас-талқанын шығарған Тапал сарыға деген өкпесі. Тағдыры таяз адамның уысында болған қауқарсыз жануардың бар дүниесіне үміт сәулесін жағып тұрған елеусіз сезімдері шынайы! Ол да өз дәуренінде алыс-жақынды сүйсінткен саңлақ, сәйгүлік болды. Мұның өзі жылқы тағдыры арқылы, адам тағдырына тұспал жасалып, шендестіру. Қаламгер жалғыз кейіпкер тағдыры арқылы қоғамдық әлеуметтік жағдайларды, қоғамда болып жатқан әртүрлі келелі мәселердің шетін таркатады.

Төл әдебиетімізде ер қанаты – ат жайлы сөз етпеген ақын-жазушы сирек. Көбінің үкілеген бір-бір тұлпары бар. Сол аламан бәйгеге Әбіш те «Бәйгеторысын» қосты Оңдыдан жаратып. Иә, тұлпардың алғаш қағанағын жарып түсіп тиген топырағы басқа емес, дәл осы

Онды болып шықты». Жазушының әрбір шығармасынан, қаламынан шыққан әрбір жолынан киелі Маңғыстаудың дәлме-дәл суретін, болмаса тұспал, елес сұлбасын тап басып танитын жазушы Ә.Спан қиялға суарылған көркем туындының нақты географиялық кеңістігін де айқындап береді

Жаңашылдықты жаны қалайтын жазушы Ә.Кекілбайұлының «Бәйгеторы» повесі анималистикалық жанрға саятын көркем туындылардың бірі. XX ғасырдың аяғына таман әдебиетшілер арасында анимистикалық жанр турасында едәуір айтыс, талқылаулар болған. Әлем деңгейіндегі классикалық туындыларда талай шығармалар бар. Мұхтар Әуезов Дж. Лондонның «Ақазуына» еліктеп жаздым дейтін «Көксерек» бар, бұл жанрдың қиындығы, ең басты талқығы түскен – көркем шығармадағы негізгі кейіпкері жан-жануарды «сөйлету керек пе?», «ол адамша ойлана ала ма?» деген риторикалық сұраққа келіп тірелетін. Осындай таңдау, Әбіш Кекілбаевтың алдында тұрған бөгесіндей тұрған болатын. Суреткерлігі, шеберлігі асқан қаламгер мұндай тосқауылды бұзып өтіп, жаңашылдықты жанымен қабылдаған. Повесте біз бас кейіпкердің жан дүниесін, ішкі әлемін үңіле, тереңінен тани аламыз. Шығарманың бар болмысында ішкі монологымен, ішкі талас-тартыспен қиыса байланысып, астасып жалғасады. Шығарманың ерекшеліктердің бірі шығарманың оқиғаның бірізді болмауы, яғни оқиғаның аяғынан басталып баяндалуы. Жазушы өз шығармасында Бәйгеторының көзімен беріліп, психологиялық анализ жасайды. Жылқы жанының соншалық нәзіктігін, тылсым табиғатын, ешкім біле алмас тебіреністірін, сан қилы, бұралаң жолдарын көркем детальдармен, философиялық ойлармен, тұспалдармен шебер келтіре білген. Шығарма толығымен басты кейіпкердің көзімен суреттелген болғандықтан, ондағы кейіпкерлердің көбісінің есімдері белгісіз, тек – «шабандоз жігіт»; «қой шетінде жүрген кішкентай екі аяқты»; «оның соңында құлағы салпаңдаған тағы бір төрт аяқты» – ит; «құла атты тапал сары»; «қалқиып қалпақ киген біреу»; «көзілдірікті күжбан қара гүрілдеген жуан даусымен...»; «кеңсенің көп қалпақтысы»; «бастарын орамалмен тағып алған, өңшең бір атқа жеңіл құбашап балалар»; «сыңар көзді жүргінші»; «бұтына жарғақ шалбар киген бір жарбиған шал» т.б. секілді сипаттар арқылы адам болмысын дәл бере алған. Сонымен бірге сол заманғы бейберекет берілген ордерлерді әжуалап: «Итке темір не керек?» деген мысқылдармен келтіреді.

«Тапал сарының шаруасы жоқ, бірде алға, бірде артқа қарап, ауылға жеткенше дүбір-дүлей болды. Оның астында қанша жыл тұрса да, серіктесімен байланысын көрмеген бұл үйдің иесі бүгін бостандыққа шықты. Ауылға жеткен екі үйдің туыстары мен балалары да шетінен кетпеді. Көрші шопан ауылдарының тұрғындары да келді. Өткенде құдық басындағылардың уайымдағаны да осы еді. Қойшы ауылдарды аралап, сары құдықтың иесімен сөйлесті. Кетіп бара жатқанда жалын жайылып, мұрнын сипады.» «Бәйгеторының өмірінде бірінші рет шапқан бәйгесінде екі аттан кейін келген хабары ауылға өздерінен бұрын жетіпті. Қырат басына шыға келулері-ақ мұң екен, шабдар кеңсенің қасындағы қарақұраң көбейе түсті. Кеңсеге жақындай бергенде, жұрт топылып алдарынан шықты. Бәрі де көздері жылтырап, ентелей қарайды. Тапал сары құла атын тебініп, тағы да ілгері озды. Жолдың шаңы қонып сатпақтанып қалған тор-тор қағанақ қалпағын қолына алды. Ұшын уысына жиып ұстаған шолақ қамшысын ербендетіп саулай жөнелді. Жұрттың аузы аңырайып қалған. Көмекейлеріне бөгелек кіріп, шағып алса да білер емес». Осы жолдардан адамның өмір жолындағы бақ, дәулет, атақ, даңқ, абыройдың болуы, уақыт өте ол көзден ұшқан бұлбұлға айналып, сол кезеңде сені кеу-кеулегендердің сырт айналып шыға келетін, құйындай құбылатын адамдар жайында терең сыр шертеді. Бәйгеторы шығармасының тереңіне үңілер болсақ, бұл тек бір жылқының тағдыры ғана емес, адам тағдыр жолында кездесетін жақсылық пен жамандық, қаталдық, қатігездік, әділетсіздікті көрсететін шығарма. Жалғыз аттың төңірегінде болған осы оқиғада қаншама адам болмысына, ішкі халіне үңілген талдаулар бар екендігін аңғаруға болады: «Сол күні атқораға әкеп қамады. Кешқұрым Сейіс сыртына бұрқырап шаңы ұшқан қаудырлақ жем дорбаны мойнына ілді.

Бұл қыс түскенше ат қорада қала берді. Қыс түсе тапал сары Сейісті қасына шақырып ап көп пыш-пыштады. Ертесіне Сейісті ертіп бір жаққа аттанып кетті. Арада бір аптадай уақыт өткен соң, қайтып оралды. Аанадағы көктембіл айғырдан аумайтын көк ала жабағы тайды әкеп, бұның қасына байлады. Тапал сары көк ала тайды байлап тастап, ыржалақтап бұның қасына келді. Бұл мекіреніп тұмсығын ұсынып еді, тұмсығына қолын тосты. Екі саусағының арасынан әлденені қылтитты. Тәтті нәрсе әкелген екен деп, асап қалып еді, тісі кірші ете қалды. Тапал сары бажылға басты. Соның арасынша оң жақ шекесін қамшы көме жөнелді. Біржақ көзі анадай жерге ұшып кеткендей болды. Естен танып, миы зеңіп қиралаңдап жығыла берді. Көз алдын қан жуды. Сол жығылғаннан қанша жатқанын білген жоқ. Есін жиса, Сейіс күп боп ісіп кеткен оң көзін жуып отыр екен. Содан қайтып Сейісті көріп тұрғаны осы. Содан бері бұның оң жаққапталы су қараңғы қара түнек. Көзі жоқ жағынан сыбдыр шықса, қасқыр шап бергендей зәре-құты қалмай, тұла бойы шімірігіп кетеді. Содан бері аспандағы ай мен күн де артыкеш, аяғының астында жарқырап жатқан айдын көл де жартыкеш, бұрын қанша шапса да шегіне шыға алмайтын байтақ әлем де жартыкеш, тіпті қыбыр-қыбыр жүрісі де, өмір емес, жай әншейін жартыкеш жанбағыс, итшілеген құр әуре-сарсаң. Содан бері бұл кімнің тақымына түспеді! Ең әуелі бір егінші мінді. Сосын қорықшы мініп, мал қайырды. Шикі кірпіш соғатындарға саз балшық басып та көрді. Ең соңында почта тасып еді, почташы жуырда осы ауылдың тұсынан өтіп бара жатып, жол-жөнекей машинаға отырып, бұны тастап кетті. Қайтып соққан жоқ. Шамасы, басқа көлік тапқан шығар” [4; 21] Осы бір жолдар кең философиялық ойлар арқылы тағдырдан теперіш көрген жандардың психологиясын ашып көрсетіп тұрғандай. «... Өзімен-өзі рахатқа батып, елігіп шабуды қойды. Қанша шапса да баяғыдай ләззат ала алмайды»; «Бүгінде ол алдында кетіп бара жатқан аттан көп қорықпайды. Ылғи қарақшыға бұрын келе берген соң, жүйріктің жауы соңында болатынын да ұғып алды» деген жолдардан тұлпардың жаратылысы қарапайым жаратылыстың емес, ерекше жанның жабар әлемін ашуға тырысқандай әсер қалдырады. Мұның өзі де қазақтың маңдайына біткен бітуар ұлы адамдардың пешенесіне жазғанына көндікпей, өз ішкі әлемімен арпалысып, бұл өмірден баз кешіп, өзін осы әлемде жалғыз сезінеді.

Нәтиже мен талқылаулар

Сан жылдық тарихы бар тарихтың, көшпелі халықтың салт- дәстүрді өз көзімен көріп, түйсіне білген жазушы қай шығармасын алып қарастырар болсақ, қазіргі тілімен айтқанда, этнограф-жазушы ретінде тани аламыз. «Бәйгеторы» өз тақырыбына сай қазақ халқының ат баптау өнерінің тәртібі, оның астарлы жақтарын тым жайдақ емес, тым көп сөздермен емес, бар халыққа түсінікті күйінде шығармаға енгізіп, бар мағынасын аша түседі. Ең алдымен жылқышы жылқыны күтімге алып, жараларын жазады, енді қазы жия бастаған шағында Бәйгеторыны шөптен айырып алады. Ми қайнатар ыстықта тас қораға қамап, ауыр жабу жауып, сүмектетіп терлетеді. Мұның барлығы жазушының жылқы баптау өнерінің қыр-сырын нақтылап, ат жаратуды нақты детальдармен келіре отырып «Бәйгеторы» повесінің көкжиегі кеңейіп, танымдық, тағылымдық мәнін арттыра түседі.

Оқырман болып жатқан оқиғаларды әңгімелеушінің бағыттауынсыз тікелей қабылдайды, оқиғаға кейіпкердің көзімен қарайды, кейіпкердің ой-сезімдерін бөліседі. Баяндаушы-әңгімеші, баяндаушы – оқиғаға араласушы, баяндаушы – қаһарман сияқты болмысқа баға берудегі өмірлік-философиялық өлшемдер шығармада тұтасып көрінеді. Көркем прозаның баяндау тәсілі онда бой көрсететін автор бейнесі мен авторлық позицияның өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Әр суреткер – өз дәуірінің перзенті. Оның қаламынан туған туындылары – сол өмірдің айнасы. Сондықтан оның көркем шығармаларынан шындық өмірдің көрінуі заңды құбылыс. Бірақ қаламгердің өмірді көруі, көзқарастары әртүрлі болғандықтан оның әдеби туындысында өз дүниетанымынан туған даралық сипат болады. Өзіндік мені жоқ қаламгер жоққа тән. Шығармада қаламгер бүкіл жан дүниесін ашады, өз сезімін білдіреді. Егер біз суреткердің жан дүниесін түсінгіміз



келсе, оның бейнесін көргіміз келсе, оның шығармаларына үңілуіміз керек. Ол өзінің өмірге деген сүйіспеншілігін, арман-мүддесін, жексұрындыққа, жауыздыққа деген жиіркенішін шығармасындағы кейіпкерлер арқылы көрсетеді. Ал көркем туындыдағы образдарды бір-бірімен байланыста қарастырмасақ, кейіпкер мінезін жан-жақты аша алмаймыз.[3.96 б]

Қорытындылай келе, философиялық ойлар, экзистенциалистік сипаттар, эстетикалық талғамның мықтылығы Әбіш Кекілбаев шығармасының негізгі тірегі. Аталған туынды да өзіндік ерекшеліктерге толы шығарманың бірі және бірегейі. Шығармада жазушы айтар ойын метафоралық астармен жеткізеді. Мұнда адам жанын ашып, ақтара көрсете алатын кең, терең мағынаға ие, мазмұны айрықша бейнеленеді. Көркем туындыны құрлымын құрушы ретінде өзіндік стиль ерекшелігімен, пайымдауларымен дараланатын қаламгер. Жазушы шығармасындағы негізгі ұстаным– қатігездіктен алшақ болып, адамгершілік қасиеттерді жоғалтпай, адамдықты сақтап, дәріптеу

ПАИДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Панзабек Б.Т., Зайкенова Р.З., Ибрагимова Ж.А., Ә.Кекілбаев әңгімелерінің көркемдік палитрасы // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы 2020. № 1(81), – Б. 92 б
2. Пірәлиева Г.Ж Әбіш Кекілбаев прозасындағы психологизм поэтикасы// Әбіш Кекілбаев - заманың заңғар тұлғасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. – Б. 312
3. Кекілбаев Ә. Шығармалар жинағы: 19 т. -Алматы: Жазушы, 1999. – I т. – Б. 183
4. Кекілбаев Ә. Дала балладалары. – Алматы: Жазушы, 2001. – Б. 249



| | |
|--|------------|
| KANAYEVA LAZZAT SAPARBEKOVNA, MAKHANOVA ZHANNA KUDAIBERGENOVNA (SHYMKENT, KAZAKHSTAN) EXPLORING NONVERBAL COMMUNICATION IN ENGLISH SOCIETY: INSIGHTS FROM "WATCHING THE ENGLISH: THE HIDDEN RULES OF ENGLISH BEHAVIOUR" | 71 |
| КЕНЖЕҚОЖАЕВА АҚБОТА (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ҚОЖАНАСЫР БЕЙНЕСІ | 74 |
| ҚАЗБАЙ ПАРАСАТ АБДУЛРАШИДҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ТИІМДІ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ..... | 77 |
| НАРБЕКОВА МАРЖАН ЕРҒАБЫЛҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАНРДЫҢ ДАМУЫ..... | 81 |
| SATYBALDY AMINA NURGISALYZY (ALMATY, KAZAKHSTAN) TEACHING ENGLISH AS A SECOND LANGUAGE: STRATEGIES FOR EDUCATORS..... | 84 |
| МУСАРОВА ЖАНЕЛЬ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ТЕРМИН СӨЗДЕРДІҢ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ..... | 87 |
| САГИМОВА АЙЖАН САДВАКАСОВНА, ЖАКИПОВА МИРА НУРЗАДИНОВНА (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНА БІЛУ | 90 |
| ҚҮДИЯР АҚЕРКЕ ШОХАНҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) Ә.КЕКІЛБАЕВ «БӘЙГЕТОРЫ» ПОВЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ ПОЭТИКАСЫ..... | 93 |
| НҮРЖАНҚЫЗЫ АРУЖАН (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ӘЙЕЛ МАХАББАТЫ» КОНЦЕПТІСІНЕ ПАТРИАРХАЛДЫ САНАНЫҢ ӨСЕРІ..... | 96 |
| САРСЕНОВА АЙГЕРИМ АБАЙҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) А. МЕКЕБАЕВТЫҢ «ҚҰПИЯ ҚОЙМА» РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ..... | 101 |
| ШАЛТАЕВА ЕҢЛІК САМАТҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҮМІТ МОТИВІНІҢ КӨРІНІСІ..... | 104 |
| БИКЕЕВА ДИНАРА МУХАМБЕТКАРЫМҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ТІЛДІК ЕМЕС ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЕКІНШІ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... | 109 |
| ЕСЕНОВА ЭЛЬМИРА МИНГАЗИЛОВНА (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) ФОРМИРОВАНИЕ ТЕРМИНОЛОГИИ В ОБЛАСТИ ПИЩЕВОЙ БЕЗОПАСНОСТИ | 112 |
| АСҚАРБЕК ӘСЕМАЙ ЖӘНІБЕКҚЫЗЫ (ТАРАЗ, ҚАЗАҚСТАН) САПАРҒАЛИ БЕҒАЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ, ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН КӨРКЕМДІК ӨНЕРІ | 115 |
| КӘДІРХАН ЕЛДАНА ЖОМАРТҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ-ФАНТАСТИКАСЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. (АБДУЛ-ХАМИД МАРХАБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША)..... | 119 |
| МАЛИКОВА АҚЕРКЕ ӘДІЛХАНҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ҚАНЫБЕК САРЫБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... | 122 |
| ЖАМАЛХАН ГҮЛНҮР НҮРЛАНҚЫЗЫ, АНАРБАЕВА ЛОЛА ИБРАГИМҚЫЗЫ, БАЗАРТАЙ АҚБОТА БЕКТАЙҚЫЗЫ (ШЫМКЕНТ, КАЗАХСТАН) USING THE MEDIA TO TEACH ENGLISH LISTENING SKILLS IN HIGH SCHOOL..... | 126 |
| ZHOLDYBAY GULIM ZHANTOREQYZY (AKTOBE, KAZAKHSTAN) THE PRACTICAL IMPORTANCE OF METHODOLOGICAL APPROACHES TO HOME READING MATERIALS IN TEACHING ENGLISH..... | 130 |
| ОРАЗОВА МАРХАББАТ СӘБИТҚЫЗЫ (АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН) ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ..... | 133 |
| LESBEKOVA N.E., SALYBEKOVA F.M., NURLYBEK ZH. (SHYMKENT, KAZAKHSTAN) PECULIARITIES OF ADVERTISING SLOGANS AND THEIR TRANSLATION | 137 |